

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жібек жолы, Тарих толқынында. А.: 2010 ж., 153-б.
2. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында «Үштұғырлы тіл» 2006 ж, 3-5 б.
3. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясы. 2011 ж.
4. Н.Ә.Назарбаев.«Ана тілі» газетіне берген сұхбаты. 11-17 мамыр, 2006 ж.
5. М.Әуезов. XX том. А., Жаз., 1985 ж., 411-413б.
6. Б.Бәйелұлы.Ағылшын тілі қазақты қайда апарады?, 2015ж.
7. <https://abai.kz/index.php/post/43014>
8. С. Аринова.Ағылшын тілін үйренуге 10 себеп., 2013ж.

УДК 373.2

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТЕМПЕРАМЕНТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қылышбек Әселхан

kilisbekova01@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Әлеуметтік ғылымдар факультетінің
«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Қадыскызы А.

Егер сіз мектепке дейінгі баланы қадағалайтын болсаңыз, олар үзілісте де, ойын үстінде де, еңбек, дене шынықтыру сабақтарында да олардың белсенділігі және эмоциялары әртүрлі болады. Кейбіреуі тым қозғалғыш, өте белсенді, өзгерістерді елемей тез араласып кетеді және олардың эмоциялары өте айқын, ұстамсыз түрде көрінеді. Ал, екінші біреуі, байсалды, баяу жұмыс істейді, сөйлегені созылыңқы және бірқалыпты, эмоциялары мүлде көрінбейді деуге болады. Мұндай балалар өз жетістігі мен кемшіліктеріне мән бермейді. Ал, енді кейбіреулері, еті тірі, сөзшең, өмірге риза, бірақ бейқам, қозғалғыш, сезімге тез берілетін балалар. Тұйық, ұялшақ, ақырын сөйлейтін, ренжігіш балалар да өздеріне назар аудартап қоймайды. Бұл айтылған әртүрлі темперамент белгілері төрт типін көрсетеді: холериктер, флегматиктер, сангвиниктер, меланхоликтер. Темперамент қозғалғыштықты бейнелейді, ал қызығушылық пен көзқарасты бейнелемейді.

Мектепке дейінгі балалардың темпераментінің физиологиясы.

Павлов ілімінің айтуынша, жүйке жүйесінің әрбір типінің үш белгісі болады. Ол нерв жүйесінің қозу мен тежелуге негізделген.

1. Күшті қозуы тежелуінен басым.
2. Күшті қозуы мен тежелуі тең.
3. Күшті қозуы мен тежелуі тең, қозғалысы баяу.

Міне, бұл Павлов ұсынған үш тип. Бірінші типті адамдар жұмыскер, жүйке жүйесі күшті, ондай адамдар қысқа және ұзақ қозуды және тежелуді басынан өткізеді. Екінші типті адамдар өте ширақ болады. Үшінші типті адамдардың кейбіреуінде қозу мен тежелу теңеседі, ал кейбіреуінде не қозу, не тежелу болады. Және мұнда Павлов жүйке жүйесінің күштілігі мен әлсіздігіне назар аударған. Күшті жүйке жүйесі бар адамдарды ол тағы екі типке бөлді:

1. Күшті, ұстамсыз
2. үшті, ұстамды

Павлов өзінің ұсынған типтерін психологиялық темперамент типтерімен салыстырғанда, ол екеуінің тура келгеніне көзі жетті [1].

Көптеген автордардың зерттеулері төмендегі жайттарды анықтады:

А) Темперамент және мінез-құлықтың әлеуметтік регуляциясы.

1. Зерттеулер нәтижесінде балалар темпераментінің екі типі анықталған. Олар бала өмірінің алғашқы күнінен-ақ белгілі болады. Оның біреуі жаңа жағдайда балада қорқыныш сезімінің жоқтығымен сипатталатын стресстік жағдайдағы баланың фрустрациясы. Бұл топтағы балалар жаңа жағдайларға жақсы бейімделу қабілетіне ие. Ал келесі темперамент типі қарама-қарсы белгілерге ие: аналарының берген сипаттамасына қарағанда бұл балалар беймаза және күйгелек. Сонымен қоса, бұл екі типті темпераментті ажыратудың физиологиялық индикаторы табылды. Ол - жүрек ырғағы. Бірінші топтағы балалар жүрек ырғағының күшті көрсетуімен, бейімделу қабілетінің жоғарылығымен ерекшеленеді.

2. Баланың темпераменті мен оның анасына бауыр басу арасындағы байланыс саласы арасындағы қарым-қатынас.

3. Нәрестенің темпераменті мен ерте шақта мінезінің тежелуі арасындағы байланыс. Ерте шақта бала мінезіндегі тежелу оның темпераментінің ерекшелігіне байланысты емес, керісінше темпераментінің бауыр басу типімен өзара әрекет функциясына тәуелді болады. Алынған мәліметтерді сараптай отырып баланың әлеуметтік жағдайына әсер ететін тағы бір факторын бөліп алуға болады. Ол - нәрестенің өз белсенділігінің реттеуге қабілеті және икемділігі.

Б) Балалардың өз құрбыларымен қарым-қатынасы және әлеуметтік оқшаулану.

Бұл мәселені зерттеу үшін К. Рубиннің басшылығымен құрылған «Ватерлоо Лангитюдты проекті» алынған. Зерттеуде келесі мәселер шешіледі:

1. Балалардың өз құрбыларымен қарым-қатынасы кезінде әлеуметтік оқшауланудың ерте формаларын зерттеу.

2. Баланың әлеуметтік оқшаулану жағдайында дамуына ерте әлеуметтік оқшауланудың әсерін анықтау.

3. Баланың әлеуметтік дамуы үшін ерте әлеуметтік оқшауланудың прогностикалық күштерін анықтау.

К.Рубиннің зерттелінген жобасының күшті жағы болып зерттеуде әдістемелік тәсілдерді кеңінен қолдану және зерттенушілердің мінезін бағалау мен бақылаудың шкалаларын тиянақты құрастыру болып табылады. Экспериментте бала мінезінің ерекшелігін анықтайтын ата-аналарға арналған сауалнамалар, балалар мен ата-аналардың темпераментін анықтайтын сауалнамалар, жанұядағы және ата - ана мен бала арасындағы қарым-қатынас шкаласы, бала мінезіндегі кешеуленуді білдіретін регистрация парағы (сәбидің анасы толтырады) қолданылады [3].

Мектеп жасына дейінгі балалардың темперамент типінің ерекшелігінің мәні

Мектеп жасына дейінгі балаға еліктеушілік, албырттық, сенімділік, жігерлілік жаңаны ашуға ұмтылу,өзімшілдік секілді қасиеттер тән, мұның бәрі балалық шақтың серіктері. Бұл жаста бұлшық ет,ақыл-ой, рухани күш жинақталып,баланың тұлға бойы жедел өсуі, мидың дамуы және күрделі жүйке жүйесінің күрделену процестері жүреді. Айналадағы заттар мен адамдардың әрекеті қоғам өміріндегі оқиғалар оның зейінін аударарды, анықтап қарауға,түсінуге ұмтылады, баланың ойын,елестету қабілетін оятады. Бұл кезеңде балалардың іс-әрекетінің мазмұны бай,әртүрлі бола бастайды. Әрбір баланың өзіне тән,жеке қасиеттері бар. Біреуі жігерлі,тез еліктейтін болса, екіншісі сабырлы, салмақты, үшіншісі енжар және сезімтал. Туғаннан әрбір бала жоғарғы жүйке жүйесін иемденеді. Жүйке процестерінің күштілігі, қозғалғыштығы немесе байсалдылығы жүйке жүйесінің типологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Жоғарғы жүйке әрекетінің типі жалпы ептілікте, сөйлеу шапшаңдығында, басқаша айтқанда олардың сезімдері жылдам әрі оңай пайда болып, эмоционалдық тұрғыда жарқын бейнелеуінен көрінеді. Балалардың мінез-құлқы көп жағдайда үлкендерге қарағанда қандай темпераменттен жаралғанына көбірек байланысты [4].

Темпераменттің табиғи, қарапайым көріністері балалық шақта жақсы байқалады. Бала өскен сайын оның сыртқы ортамен қарым-қатынасы күрделене түседі де, оның айналасындағы үлкендерден алатын әсері де мол болады. Соған байланысты темпераменттің өзгеріске түсіп ерекшеленеді. Темперамент баланың жеке басының реакциясының негізгі

түрі болып келетін қасиет. Балалық шақта ол таза күйінде де кездеседі. Бірте-бірте өмір сүру барысында саналық өзгеріске түсіп отырады. Даму барысында темпераменттің бір белгісінің әлсіреп, екіншісінің күшеюі салдарынан мінез-құлықтың кейбір жақтарының өзгеріске ұшырап отыруы да ықтимал. Даму барысында туындайтын осындай сапалы өзгерістердің осы күрделі үрдісінің бәрі сайып келгенде тұрмыс-салтына, әрекеттері мен тәрбиесіне тәуелді. Өйткені өмір жағдайлары темпераментке материалдық негіз болып табылатын жүйке жүйесі қызметінің өзгешеліктеріне ықпал жасайды. Мысалы бір жағдай психикалық үрдістердің әсерлігі мен эмоциялық қозуына, ағысы мен күшінің дамуына жағдай туғызуы, ал басқа жағдайлар керісінше психикалық даму қарқынын баяулатып, оның белсенділігін басып, тежеуі мүмкін. И.П. Павлов шартты рефлексстер әдісі арқылы жоғарғы жүйке қызметінің және жүйке жүйесінің, негізгі қозу мен тежелудің заңдылықтарын ашты. Жүйке жүйесінің негізгі күші тепе-теңдік қозғалғыштығы бойынша төрт типте жиі ұшырасады. Бұлардың үшеуін күшті тип, біреуін әлсіз тип деп айтады. Мысалы күшті типтің біріншісі ұстамсыз тип. Олардың жұмыс істеу қабілеті күшті, қозу тежелу үдерістері бір-бірімен сәйкес келмейді.

Қозу типі басым келіп отыратын ерекше қозғалыстағы тип, күшті типтің екіншісі ширақ тип. Мұның қозу мен тежелу үдерістері бір-біріне тең келіп тез алмасып отырады. Күшті типтің үшіншісі қозу мен тежелу бір-біріне тең, бірақ баяу қозғалатын тип, қозу мен тежелу үрдістері баяу көрініп отырады. Ұстамсыз тип - холерик, сангвиник-тер де ширақ тип, қозу мен тежелуі тең қозғалысы баяу -флегматик, жүйке жүйесі әлсіз тип – меланхолик деп анықталған. Бір топтағы немесе сыныптағы балалардың ішінде әртүрлі темперамент типтерінің өкілдері кездеседі. Кеңес психология ғылымының профессоры Вольф Соломонович Мерлин темпераменттің көрінуі туралы сапалы психологиялық қорытынды таблицасын жасады [5].

Мектепке дейінгі жастағы баланың темперамент ерекшеліктері мынадай болады:

Сангвиник темпераментке ие бала қызба (сезім әрекетіне берілгіш) көңілшек, жайдары және жарқын, белсенді келеді. Мұндай балалар қимылға бай, жайбарақат ойындарды бірдей ықыласпен ойнай бермейді. Бір нәрсемен көңілді шұғылданады және берілген тапсырманы ұқыпты орындайды. Күшті қозғалғыш тепе-теңдікті тип. Реакция туғызу қабілеті жоғары. Кейде әлсіз нәрсеге де, қатты мардымсыз бір нәрсеге де ашуланып қалады. Оның мимикасы, қимыл-қозғалысы белсенді. Өмір жағдайының өзгеруіне тез бейімделгіш. Өзінің көңілі ауған іс-әрекетіне барлық ынтасымен кіріседі. Іс-әрекеттің бір түрінен екінші түріне тез ауысып, бейімделіп кетеді. Оның бет бейнесінен көңіл-күйі, адамға деген ықылас-сезімі анық көрініп тұрады. Өзінің зейіні тез шоғырланады. Ұшқыр ойлы, өткір тілді, бірақ әлі де түйсінуі өте сезгіш. Жоғарғы табалдырығы төмен жарық тітіркендіргіштер мен дыбысты жақсы ажырата алмайды. Белсенді, күшті, қайратты, батыл, үнемі мен айтамын деп қолын жиі көтеріп отырады. Ол тәрбиеге тез үйренеді. Өзінің сезгіш ерік күші жақсы дамыған, өзін көпшілік ортада жақсы ұстайды. Жылдам қимылдайтын, тез сөйлейтін, жаңаны тез қабылдағыш, зейінді, айналасындағылармен тез тіл табысып кететін, көпшілік орта да өзін еркін, көңілді ұстайтын тип.

Холерик темпераментті бала өзін-өзі ұстай алмайды. Оған жоғары жүйке жүйесінің белсенділігі тән. Олтым жігерлі, шапаң, қызба. тыныштықты аса көңілді аударуды керек ететін істерге қарағанда оған шулу-дулы ойындар, у-шу тән. Ол кімге болсала үйірсек, үлкендерге өткір, алғыр, шапшаң жауап береді. Мұндай балаларды тәрбиелеуде табандылықты, ұстамдылықты, үлкендермен және құрбы-құрдастармен дұрыс қары-қатынаста болуды, шыдамдылық пен ынталылықты қажет ететін ойындар мен оқуға қызығушылықты қалыптастыру міндеті алға қойылады.

Флегматик балалар салмақты, байсалды, баяу қимылдайтын болып келеді. Әдетте олар ата-аналарына қиындық туғызбайды. Тапсырманы тыңғылықты орындайды.

Мелонхолик темпераментіндегі бала эмоционалды тұрақсыз, жылауық,қыңырлаққа бейім. Кішкене ренішті өте күйзеліспен қабылдайды. Сезімдерін ашық білдірмейді. Олардың балабақша жағдайына биімделуі қиын [6].

Қорытындылай келе, Темперамент – адамның психикалық әрекетінің нақты динамикасын айқындайтын психиканың дара қасиеттерінің жиынтығы. Бұл психикалық ерекшеліктер адамның барша іс-әрекетінде оның мазмұны, мақсаты және себеп салдарына тәуелсіз бір қалыпты көрінеді.

Балаларды мінез–құлқын жан–жақты етіп тәрбиелеуде олардың темпераменттеріне ерекше көңіл бөлудің маңызы зор. Темперамент тәрбиесінде әрбір мұғалім И.П. Павловтың жүйке жүйесінің типтері туралы іліміне сүйенуі тиіс. Жас ұрпақ бойына батылдық, әділдік, мейірім мен қайырымдылық, ізеттілік пен қамқорлық сезімдерін сіңіруді әр ұстаз, әр пәнде сабақпен ұштастыра жүргізуі қажет. Жас бала - жас шыбық тәрізді қалай исең солай майысады. Сондықтан да әр кезеңде балаға тиісті көңіл бөлу керек екені заман талабы, тәрбие кепілі деп түсінуіміз керек.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, психологиялық және рухани–адамгершілік ахуалдың оң өзгеріске бет бұруы қуантарлық жағдай. Егер, мектепке дейінгі жастағы баланың темпераментін анықтау, дамытудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолданылса, онда оқушылардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың бір құралына айналып, дүниетанымдары кеңейгенімен қатар, тәрбие деңгейлері де артар еді [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Валлон А. Психическое развитие ребенка СПб: Питер, 2001.
2. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы. Алматы 2012.
3. Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова. Балалар психологиясы, Алматы 2012.
4. Қ.Жарықбаев.Жантану негіздері. Алматы 2002.
5. Қ. Жарықбаев. Психология. Алматы: Білім 1993.
6. Қ. Жарықбаев. Жантану негіздері. Алматы 2002.
7. Төлегенов Ө. Оқытудың педогогикалық – психологикалық ерекшеліктері. Алматы 2000.

ӘОЖ: 81.362

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ СУБСТАНТИВТІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР

Тумарбекова Асыл Қуанышқызы

asyl_tumarbekova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

«Қоғаман байланыс» мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Мейрамбекова Л.К.

Негізгі бөлім. Адамзаттың ертеңі болашағымыздың сәулетті де нұрлы жарқын болуы – қоғамды алға жетелейтін құдіретті күш ғылым мен білімге байланысты. Қазақстан мемлекетіміз шет елдермен байланысы күннен күнге ұлғайып келеді. Қазақ елі басқа елдердің тарихын, мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын білуге ұмтылса, біздің де мәдениетімізді, тілімізді, әдет-ғұрпымызды танып білгісі келетін елдер аз емес.

Тіл – халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. Тіл – қай ұлтта, қай елде болсын қастерлі де құдіретті. Ол – әр бір адамға ана сүтімен еніп қалыптасады. Тіл байлығы әр бір елдің, ұлттың мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Өзінің жазуы, мәдениеті, елдігі бар халық үшін тілден асқан байлық жоқ. Тіл – оның тіршілігінің тірегі. Тіл – оның басқа халықтармен терезесі тең екендігінің негізгі белгісі.